




AUEZOV
UNIVERSITY
1943



«ҚАЗАҚСТАН-ӨЗБЕКСТАН: ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР»
атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
Международной научно-практической конференции
«КАЗАХСТАН-УЗБЕКИСТАН: НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ»

COLLECTION OF MATERIALS
for the International Scientific and Practical Conference
«KAZAKHSTAN – UZBEKISTAN NEW HORIZONS»

09 августа, 2024 года
г.Ташкент, Узбекистан



AUEZOV
UNIVERSITY
1943



ТАШКЕНТСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ

ЮЖНО –КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.М.АУЭЗОВА

**ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ФОНД ПОДДЕРЖКИ РАЗВИТИЯ МЕЖДУНАРОДНОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ТВОРЧЕСТВА И НАУКИ»**

**"ҚАЗАҚСТАН- ӨЗБЕКСТАН ЖАҢА КӨКЖИЕКТЕР" тақырыбындағы XII Халықаралық
ғылыми-тәжірибелік конференциясына арналған материалдар жинағы**

**материалы посвященные XII Международной
научно-практической конференции**

«КАЗАХСТАН – УЗБЕКИСТАН НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ»

9 тамыз, 2024 жыл

өзектілігімен практикалық мәнділігі; Автордың тақырып бойынша ізденіс шеберлігі; Өзіндік көзқарасымен проблема бойынша қорытындысы; Тақырып бойынша арнайы терминдер мен әдебиеттерді қолдана білуі; Ғылыми жұмысты рәсімдеуі. Информатика пәнінен оқушының ғылыми жоба жұмысын рәсімдеуге қойылатын талаптар: Ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмысы төмендегіші көрінуі тиіс: Жұмыс мәтіні компьютерде терілуі тиіс. Сондай-ақ: Титуль беті, Мазмұны, Аннотациясының болуы, Кіріспесі, Зерттеу бөлігі, Қорытынды, әдебиеттер тізімі болуы қажет. Титуль бетінде зерттеу жұмысы орындалған мекеменің толық атауы; Автордың және жетекшінің аты-жөні; Қаласы, жылы көрсетіледі. Аннотацияда жұмыстың қысқаша мазмұны берілуі тиіс: Зерттеу мақсаты, Болжамы, Зерттеу кезеңдері, Эксперимент әдістемесі, Зерттеу жаңалығы, Жұмыс нәтижесі мен қорытынды, Нәтижесі қолданылатын мекемелер, Кіріспеде тақырыптың өзектілігі, мақсаты, міндеттері қысқаша баяндалады. Жұмыстың зерттеу бөлігі жеке тараулардан, тұруы мүмкін. Олар: Тақырып бойынша белгілі зерттеу нәтижелеріне шолу, Белгіленген міндеттерді шешу әдістеріне сипаттама, Жұмыс нәтижесі мен оларды талдау, Қолданылған әдебиеттер жұмыс соңында төмендегі тәртіппен жүргізіледі: Автордың аты-жөні, Мақаласының немесе журналының аты, Журналдың немесе кітаптың атауы, Басылып шыққан баспасы, Шыққан жылы, беті, нөмірі. Әрбір жұмыс жетекшінің орындалған жұмыстың өзектілігі мен құндылығы жөнінде, сондай-ақ кемшіліктері ескертілген пікірмен бірге жүруі тиіс. Баяндамаға демонстрациялайтын материал дайындауға болады. Көрнекіліктің көлемі оқушының жасына, бойына сәйкес дайындалуы тиіс. Стенд материалында зерттеу жұмысының мазмұны түрлі сызбалар, графикалар, диаграммалар арқылы беріледі.

Әдебиеттер

1. Академик-ғалым Бүркіт Әуесхан Қантөрсұлы, әдіскер-мұғалім Нұрматова Жадыра Қалыбекқызы. Информатика және робот техниканы оқыту әдістемесі. Алматы, 2001.

*Тенизбаева Н.О. Педагог-зерттеуші
Бимашева Ф.Ж. педагог-сарапшы
№32 «Қуаныш» балабақшасы, Ақтобе қ.*

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: ЖАҒДАЙЫ, ПРОБЛЕМАЛАРЫ, БОЛАШАҒЫ

Аннотация

Ерекше қажеттіліктері бар балаларға білім беру ел үшін басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл шын мәнінде инклюзивті қоғам құрудың қажетті шарты, мұнда әркім өз іс-әрекеттерінің қатысуы мен қажеттілігін сезіне алады.

Кілт сөздер: инклюзивті оқыту, балалар, жеке бағдарлама, білім беру.

Аннотация

Образование детей с особыми потребностями является одной из главных задач для страны. Это действительно необходимое условие для создания инклюзивного общества, где каждый может почувствовать присутствие и необходимость своих действий.

Ключевые слова: инклюзивное обучение, дети, индивидуальная программа, образование.

Annotation

The education of children with special needs is one of the main tasks for the country. This is really a necessary condition for creating an inclusive society where everyone can feel the presence and necessity of their actions.

Keywords: inclusive education, children, individual program, education.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды адамзат қауымдастығына енгізу бүкіл түзету жүйесінің негізгі міндеті болып табылады, оның түпкі мақсаты баланы қоғам өміріне енгізуге бағытталған әлеуметтік интеграция. Білім беру интеграциясы әлеуметтік интеграцияның бөлігі бола отырып, мүмкіндігі шектеулі балаларды әдеттегімен бірге тәрбиелеу және оқыту процесі ретінде қарастырылады.

Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуда үш тәсіл қолданылады:

- I-VIII типтегі арнайы (түзету) мекемелерде дене және ақыл-ой дамуы бұзылған балаларды сараланған оқыту;

- балаларды жалпы білім беретін мекемелердегі арнайы сыныптарда (топтарда) интеграцияланған оқыту;

- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар қарапайым балалармен бірге сыныпта оқитын инклюзивті оқыту.

Индекс 74402



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ

№2-2025



Ақтөбе облысы
Ақтөбе қаласы
№32 «Қуаныш» балабақшасы
Меңгеруші: Лекерова Рима Аманғалиевна

2025

№2 (106)

Мазмұны

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мәселелері	
Тенизбаева Н. Жасанды интеллект және заманауи платформа.....	2
Лекерова Р. Балабақша – тәрбиенің алтын бесігі.5	
Боташова У. Мектепке дейінгі ұйымдардағы әдіскердің өдістемелік жұмыс бағыттары.....	6

Әдістеме. Іс-тәжірибе

Методика. Опыт

Қали К. Ұлттық құндылық – ел қазынасы.....	7
Қуат Ж. Алтын жұмыртқа.....	8
Бимашева Ф. Көңілді саяхат.....	10
Мамбеткулова Э. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері	11
Сүйінбаева Ж. Математика – ақыл-ойдың озығы.12	
Уайтбаева А. Күшік пен мысық.....	13
Уразбаева Г. Қоян бізде қонақта.....	15
Аяпбергенова И. Қауіпсіз балалық шақ.....	16
Аетова Л. Халқымның қазынасы – домбыра.....	17
Захария А. Юрта, юрта – круглый дом.....	18

Сандықша

Карабалина А. «Дәрігер» ойыны.....	20
Шабаква Г. Асық ойыны – ұлттық қазынамыз.....	23

Балабақшадағы ертеңгілік

Праздник в детском саду

Шанаева К. Балабақшамен қоштасуға арналған ертеңгілік.....	24
Костенко Л. Маму поздравляем, в сказку приглашаем.....	27

Психолог бұрышы

Жолаушыбаева Л. Үш жастағы дағдарыс. Бұл не?..31	
--	--

Педагогикалық сағат

Языбаева Е. Мамаңдығым – мақтанышым.....	32
--	----

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ/ ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ

*Республикалық педагогикалық журнал/
Республиканский педагогический журнал*
Журнал 2011 жылдың ақпан айынан бастап шыға бастады.

Журнал Қазақстан Республикасының
Байланыс және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
Мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе)
ақпарат агенттігінде 2010 жылы
16 тамызда есепке тіркеліп, № 11064-Ж
күәлігі берілген.

23.12.2021 қайта тіркеуден өтіп,
№KZ89VPY00044405 қайта тіркеу күәлігі берілген
Меншік иесі: "Эверест-Пресс" ЖШС
02.02.2024 қайта тіркеуден өтіп,
№KZ33VPY00086929 қайта тіркеу күәлігі берілген
Меншік иесі: "Педагогика-Пресс" ЖШС

Директор, бас редактор:
Жамбы Нурбекова

Ақылдастар алқасы-редакционная коллегия:

Дауткалиева Перизат Болатовна
Тукебаева Саулет Аманжоловна
Ибраимова Жанар Қажыбайқызы
Кулетова Рима Урдаевна

Редакцияның мекен-жайы:
050002

Алматы қаласы, Л. Хамиди көшесі
4а-үй, 3-қабат, 11-офис.
Телефоны: 8 (727) 397-73-84
E-mail: doshkolnik_kaz@mail.ru
doshkolnik_rus@mail.ru

Басылатын жері:

"Педагогика Пресс"
ЖШС баспаханасы
Алматы қаласы
Сүйінбай көшесі 55
Телефоны: 8 (727) 397-73-84

© "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту/Дошкольное
воспитание и обучение" 2, 2025, 1-32. Алматы.

Бимашева Фариде Жеңісқызы,
Ақтөбе қаласы
№32 "Қуаныш" балабақшасы МКҚК

КӨҢІЛДІ САЯХАТ

Білім беру дағдысы: Әлеуметтік-эмоциялық дағды

Бөлімі: Қоршаған орта.

Мақсаты: жабайы аңдар тіршілігі туралы түсінік беру; аңдарды ажырата білуге және олардың аттарын дұрыс айтуға үйрету; балалардың ойлау қабілеттерін арттырып, тілдерін дамыту; қызықты ойындар арқылы балалардың эмоциялық сезімдерін дамыту; әрбір аңның және баласының атын дұрыс атауға жаттықтыру; олардың тіршілік ететін ортасы туралы түсініктерін бекіту.

Балалардың аңдарға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттырып, оларға қамқорлықпен қарауға, табиғатты аялай білуге, адамгершілікке тәрбиелеу.

– Балалар, бүгінгі ерекше күн болғалы тұр. Мен сендерді бүгін аңдармен таныстырғым келіп тұр. Ол үшін сендерді саяхаттатып, орманға апарғым келіп тұр. Олай болса орманға саяхатымызды бастайық.

Балалар орманға бару үшін мен автобус шақырып қойғанмын. Қане, бәріміз автобуска отырайық...

– Балалар, бұл орманда жабайы аңдар болады, сондықтан тыныш жүрейік, бір-бірімізден ажырамайық.

Тапсырма: «Жабайы аңдарды сипаттау»

1. Аю – жыртқыш аң, бірақ өздігінен ешкімге тиіспейді. Аюдың екі түрі болады: ақ және сұр. Ақ аю суда, салқын жерлерде мекендейді. Сұр аю орманда мекендейді. Жазда жеміс-жидек тереді. Аюлар күзде май жинайды, ал қыс бойы апанда, алақанын сорып ұйықтайды. Аюлар тоңғандықтан емес, жейтін қорегі таусылғаннан кейін ұйықтайды. Орманда мекендейді.

2. Түлкі – ақылды, жыртқыш аң. Түлкінің терісі бағалы. Терісінен тымақ тігеді. Оны «Түлкі тымақ» дейді. Түлкі қыста ұйықтамайды. Қыста жортып жүріп, азықтарын тауып жейді. Тістері өткір, көздері қырағы, жақсы көреді, сезімтал. Өздеріне керекті жемтіктерін алыстан-ақ иісінен сезеді. Ол жүрген ізін құйрығымен сүртіп кетіп отырады. Ол кез келген қиыншылықтың бәрінен аман-есен құтыла алады. Сондықтан түлкіні «Қу» дейміз. Түлкі інде тұрады. Орманда мекендейді.

3. Қоян – қорқақ аң, орманда мекендейді. Қояндардың жауы көп. Сондықтан да қояндар күзде түлейді. Сұр жүні түсіп орнына ақ жүндер өседі, қыста жылы, аппақ үлпілдек тон киеді. Сол жылы тонының арқасында суыққа тоңбайды. Оларды қыста ақ қардан ажырату қиын-ақ. Қояндар өздеріне үйшік дайындамайды, қысқа азық жинамайды.

Қоян ағаштардың қуысында қыстайды.

4. Арыстан үлкен, мықты, өдемі үлпілдек жүні бар. Оның тістері және тұяқтары өткір. Ол жылдам жүгіреді. Арыстанның басы денесіне қарағанда үлкен. Арыстан көздеген жемтігін құрығына түсіріп, қанжығасы майланғанда ақырып, айбат шегетін жалғыз аң, сондықтан оны «Аң патшасы» дейміз. Арыстан ыстық аймақтарда мекендейді.

5. Қасқыр – жыртқыш аң. Тістері өткір, көздері қырағы, жақсы көреді, сезімтал. Өздеріне керекті жемтіктерін алыстан-ақ иісінен сезеді. Қыста жортып жүріп, азықтарын тауып жейді. Олар қыста ұйықтамайды. Орманда қасқыр апанда мекендейді.

«Қай аңның жүрісі?»

Қоян (Қос аяқтап, қолдарын алдарына қойып сөкіреді).

Қасқыр (Аяғын аңдып басып, тістерін ақситады).

Аю (Қолдарын жанына алып, қорбандап жүреді).

Түлкі (Құйрығын бұлғаңдатып, майысып жүреді).

Тәрбиеші: Балалар, қараңдаршы, қардың астында бір нәрсе жатқан сияқты.

Ой, бұл не болды екен, білесіңдер ме?..

– Иә, бұл аңдардың тағамдары ғой,

Қимылды ойын: "Аңдарды тамақтандыр"

– Жарайсыңдар, балалар, өте дәл таптыңдар.

Талдан талға секіріп жүрген маймылдардың қимылын қайталау.

– Қандай тағаммен қоректенеді?..

Сергіту сәтті

«Кел, балақай, билейік»

– Тамаша, балалар, бір сергін алдық. Солай ма, балалар?..